

2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 11 маусымдағы № 347 қаулысы. Алматы облысы Жамбыл ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 18 маусымда № 2-7-78 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 5 сәуірдегі № 173 қаулысымен

Күші жойылды - Жамбыл ауданы әкімдігінің 2010.04.05 № 173 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 19 бабының 3 тармағына, 20 бабының 1 тармағына, 23 бабының 1 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» № 779 Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығын іске асыру туралы» № 543 қаулысы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұзынағаш ауылы Жамбыл көшесі, 77 үй мекен-жайындағы шақыру учаскесіне Жамбыл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа толмаған ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген ер азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізу 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Селолық және поселкелік округтердің әкімдері 2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру кезеңінде әскер қатарына шақырылғандарды олардың шақыру учаскесіне шақырылғаны туралы хабардар етіп, олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

3. Аудандық шақыру комиссиясының құрамы 1 қосымшаға, азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. «Жамбыл аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Сансызбаев Дұлат Мұратұлы) әскерге шақыруға байланысты жұмыстарды қаржылай қамтамасыз етуді жүргізсін.

5. «Жамбыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Жотабай Марат Ізтелеуұлы) осы қаулының орындалу барысы туралы көктемгі шақыру бойынша 2009 жылғы 20 шілдеге дейін және күзгі шақыру бойынша 2010 жылдың 20 қаңтарына дейін аудан әкімі аппаратын хабардар етсін.

6. Жамбыл ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 21 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының 1981-1990 жылдары туылған азаматтарын 2008 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» № 226 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 25 сәуірде тіркелген, тіркеу № 2-7-61, «Атамекен» газетінде 2008 жылғы 9 мамырда № 20-21(5388-5389) ресми жарияланған) қаулысы күші жойылған деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Бекқожаев Ғадылжан Бекболатұлына жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Тұрлашов Лаззат Махатұлы

Жамбыл ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 11 маусым № 347
«2009 жылдың сәуір-маусымында
және қазан-желтоқсанында кезекті
мерзімді әскери қызметке шақыруын
жүргізуді қйымдастырып,
қамтамасыз ету туралы»
қаулысымен бекітілген
№ 1 қосымшасы

Жамбыл ауданы шақыру комиссиясының құрамы

Жотабай Марат Ізтелеуұлы	комиссия төрағасы, Жамбыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы
Дәуітқұлов Жұман Сатыбалдыұлы	комиссия төрағасының орынбасары, Жамбыл ауданы әкімі аппаратының Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай жөніндегі бас маманы

Комиссия мүшелері:

Қарабеков Айдос Нұрланұлы	Жамбыл аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары
Кольнова Людмила Александровна	Жамбыл ауданының орталық аудандық ауруханасының дәрігері, медициналық комиссияның төрағасы
Жаксылықова Нұргүл Жетпісбайқызы	комиссия хатшысы, Жамбыл ауданының орталық аудандық ауруханасының мейірбикесі

Ж а м б ы л а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
 2 0 0 9 ж ы л ғ ы 1 1 м а с у с ы м № 3 4 7
 «2009 жылдың сәуір-маусымында
 және қазан-желтоқсанында кезекті
 мерзімді әскери қызметке шақыруын
 жүргізуді қйымдастырып,
 қ а м т а м а с ы з е т у т у р а л ы »
 қ а у л ы с ы м е н б е к і т і л г е н
 № 2 қосымшасы

Азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру кестесі

	Селолық округ - тердің атауы	Шақы-рыл - ған -дар саны	Сәуір айы							М а м ы р а й ы								
			3	9	15	18	21	24	28	30	4	6	11	13	19	22	26	29
1	Актерек	45	5	5	6	7	6	7	4	5								
2	Акқайнар	48									5	5	7	8	7	4	5	7
3	Айдарлы	19															5	
4	Аксеңгір	33	5	5	5	5	3	4	4	2								
5	Бозой	7																
6	Жамбыл	56	4	4	4	4	4	4	5	6	4	3	4	3	5	6	5	5
7	Беріктас	32																
8	Дегерес	31						6	4	3	3	4	5	4	2			
9	Сарытау-құм	8															8	
10	Үлкен	26													4	4	4	
11	Самсы	43	3	3	3	5	4	6	5	4		6		4				
12	Үңгіртас	47									4	4	4	5	6	4	5	4
13	Ұзынағаш	174	12	10	8	7	10	11	8	5	5	6	5	4	3	3	5	5
14	Қарғалы	166	10	10	5	5	5	8	11	5	5	5	4	6	3	3	5	5

4	Ақсенгір	33										
5	Бозой	-										
6	Жамбыл	40	3									
7	Беріктас	30										
8	Дегерес	30										
9	Сарытаукұм	-										
10	Үлкен	26	4	4	3	3						
11	Самсы	23			3	3	3	5	4		5	
12	Үңгіртас	47										
13	Ұзынағаш	60										
14	Қарғалы	50	6	5	3	3	5	6	2	4	4	
15	Қарақыстақ	35	4	4	4	4	4	5	3	2	3	2
16	Қарасу	29										
17	Мыңбаев	44										
18	Мәтібұлақ	42	4	4	4	4	4	5	5	2	5	5
19	Теміржол	44	5	5	6	7	6	6	4	5		
20	Талап	36										
21	Таран	32	2	3								
22	Үлгілі	5				5						
23	Шиен	25	4	4	4	4	4	5				
24	Шолаққарғалы	32	4	3	4	3						
25	Барлығы	751										

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК